

Ахантаева Ә.Ж., Ахантаева Г.Ж.

ҚазҰАЗУ, Алматы, Қазақстан

Батырлар жыры - ұлттық қасиет пен ұлттық ділдің негізін қалыптастырады

Бүкіл әлемдік жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтар негізінде ұрпақты тәрбиелеу кезек күттірмес мәселе екендігі анық. Осы тұрғыдан ұрпаққа ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие беру еліміздің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Батырлар жырының жас ұрпақты елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызы айрықша екендігі даусыз. Ал батырлар жырындағы концептілерді оқыту студенттерге оның метатанымдық кәсібилігінің деңгейін жоғарылатуға септігін тигізеді. Оқу үрдісінде ұлттық құндылықтарға, соның ішінде батырлар жырына үлкен мән беру жас ұрпақты өзінің ұлттық құндылықтарын тани білуге баулиды. Батырлар жырындағы этномәдени-ономастикалық концептілерді тану арқылы студенттің, ертеңгі күні ол оқытатын оқушының ұлттық дүниетанымы, өзіндік көзқарасы, тарихи оқиғалар мен мифтік түсінік, этнос болмысы мен этнос табиғаты жөніндегі білімі байи түседі, соның негізінде ұлтына деген сүйіспеншілік, ұлты үшін мақтаныш сезімі күшейетіні анық.

«Ұлттық тәрбие жастардың (жеке тұлғаның) ұлттық сана-сезімі, мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасатыны» белгілі [1, 273].

«Халық педагогикасының мақсаты бірнеше ғасырға созылған халық тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ ұрпақты, өмірге дайындау, өнер-білімге баулу, бүкіл елдің қамын ойлау сияқты ең жоғарғы адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеу. Халық педагогикасының негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халық ойындары, тәжірибелері т.б.» жатады [2, 322-323].

Ұлттық тәрбие ешқашан жалпы адамзаттық құндылықтарды, мораль мен адамгершілік қағидаларын жоққа шығармайды, керісінше, ұлықтайды, оларды бойына сіңірген адам рухани тұрғыдан кемелденген, рухани бай адам болып табылады. Ұлттық тамыры терең білім мен тәрбиенің ұштасуы – адам негізі, адамның адам болуы үшін қажет маңызды педагогикалық құрал, ұлттың ұлт болып қалуының алғышарты.

Қазақ халқы ұрпағының жан-жақты өнерлі, білімді азамат болып дамуын, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениет құндылықтарының тәлімдік мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып жүзеге асырып келді. Ол құндылықтардың негізін халқымыздың фольклоры, халық ауыз әдебиеті құрайды. Қазақ фольклоры - тілінің бейнелілігімен, мәнділігімен, мазмұндық өткірлілігімен аса құнды қазына. «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Кенесары-Наурызбай», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан» т.б. - қазақтың халық ауыз әдебиетінің жауһарлары рухани тазалықты, адамгершілікті, махаббатты дәріптейтін, ұрпаққа үлгі ететін ұлттың асыл мұрасы. Бұл жырлардағы кейіпкерлердің іс-әрекеті жас ұрақтың еліктеп, өзіне үлгі тұтып өсуіне болатындығы, елін, жерін қалай шексіз сүю керектігін үйрететіндігі сөзсіз.

Эпостық жырлар жас ұрпақты елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін бірден бір құрал болып табылады. Сонымен қатар, батырлар жырларындағы халықтың ерте замандардағы тұрмыс-тіршілігінен, таным-түсінігінен мол хабар беретін этномәдени және ономастикалық концептілерді оқыту студенттің кәсиби құзіреттілігін тереңдете түседі, танымдық тұрғыдан білімін шыңдайды.

Мындаған жылдық тарихы бар қазақ жырларының көркемдік, тәрбиелік бітімі ерекше. Бұл мұралар «ұрпақ тәрбиесіндегі жеке тұлғаның рухын шыңдап, елдіктің маңызына ден қоюды талап етеді» [3, 24]. Ал «қазақтың батырлық жыры – киелі де аруақты өнер. Ол сөз айдынында ақылдың кені, даналықтың көзі, қаһармандықтың теңдессіз үлгісі ретінде, саз әлемінде дауылдай

екпінімен, табиғаттың өзіндей сыршыл үнімен үлкенді де, кішіні де өзіне тәнті етті» [4, 3].

Қазақ батырлар жырының педагогикалық маңызы ол болашақ педагогтардың тарихи санасын қалыптастыра отырып, олардың тілдік білімін де тереңдетуге және тіл мен тарихтың тығыз байланысын тануына, сол арқылы ұлттық санасының дамуына септігін тигізуінен көрінеді. Бүгінгі таңда білім мен тәрбие беруде тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін, мәдени ментальділігін дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Осыған байланысты оқу үдерісі елін, туған жерін, Отанын сүйетін, мемлекеттік рәміздерін қастерлейтін тұлға қалыптастыруға бағытталады. «Отансүйгіштік тәрбие берудегі басты мақсат жеке тұлғаның бойында рухы мықты, адамгершілік нормаларды бойына сіңірген, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру болып табылады» [3, 84],-дей келе А.Қ.Дүйсенбаев болашақ тұлға тәрбиесіндегі батырлар жырының, ондағы батырлардың қаһармандық бейнесінің рөлі педагогика ғылымында ескерілмей келе жатқандығын айтады [3].

Қорыта айтқанда, батырлар жыры жастарды Отансүйгіштік, елжандылық секілді рухани-адамгершілік сезімдерін қалыптастырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруде кәсіби дайындау: теориясы мен практикасы. –Алматы, 2004. – Б. 304.
- 2 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Астана: Л.Гумилев атындағы ЕАУ, 1998. -Б 378.
- 3 Дүйсенбаев А.Қ. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. дис.: 13.00.01. –Атырау, 2006. - Б. 155.
- 4 Ибраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. - Б. 296.